

Мемлекеттік қызмет регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімдігінің 2013 жылғы 30 қаңтардағы № 24 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 13 наурызда № 1900 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 2 қарашадағы № 267 қаулысымен

Ескерту. Жамбыл облыстық әкімдігінің 02.11.2015 № 267 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының "Әкімшілік рәсімдері туралы" 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1 бабының 4 тармағына сәйкес, Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін:

1) "Облыстық және аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы, сондай-ақ елді мекендердегі автомобиль жолдарының жолақ бөлігінде сыртқы (көрнекі) жарнама орналастыруға рұқсат беру".

2. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жариялағаннан кейін қүнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысы Болат Әлмұханұлы Исақовқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Қ. Бозымбаев

Жамбыл облысы әкімдігінің
2013 жылғы 30 қаңтардағы
№ 24 қаулысымен бекітілген

"Облыстық және аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы, сондай-ақ елді мекендердегі автомобиль жолдарының жолақ бөлігінде сыртқы (көрнекі) жарнама орналастыруға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Облыстық және аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы, сондай-ақ елді мекендердегі автомобиль жолдарының жолақ бөлігінде сыртқы (

көрнекі) жарнама орналастыруға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет регламенті (әрі қарай – мемлекеттік қызмет регламент) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қазандығы № 1315 қаулысымен бекітілген "Облыстық және аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы, сондай-ақ елді мекендердегі автомобиль жолдарының жолақ бөлігінде сыртқы (көрнекі) жарнама орналастыруға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес әзірленген.

2. Мемлекеттік қызмет "Жамбыл облысы әкімдігінің құрылышы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі мен аудан және Тараз қаласы әкімдіктерінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімдерімен, сәулет және қала құрылышы бөлімдерімен, Халыққа қызмет көрсету орталығымен көрсетіледі, олардың мекен-жайлары регламенттің 1 және 2 қосымшаларында көрсетілген.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: автомобиль туралы.

4. Мемлекеттік қызмет "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 10 бабының 1 тармағының 2) тармақшасының, "Жарнама туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Заңының 11 бабының 2 тармағының 1-1) тармақшасының, "Жол шаруашылығын құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 қыркүйектегі № 845 қаулысымен бекітілген Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының жолақ бөлігінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру тәртібінің 5 тармағы және "Елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыру тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 121 Қаулысының негізінде жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы толық ақпарат:

1) Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында www.zhambyl.kz;

2) Халыққа қызмет көрсету орталығының интернет-ресурсында:

www.con.gov.kz;

3) мемлекеттік қызметті алушы үшін жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелері ғимараттарының ең көрнекі жерінде орнатылған стенділерде;

4) Халыққа қызмет көрсету орталығының ғимараттарында орнатылған стенділерде;

5) "электрондық үкімет" 1414 call-орталығында орналастырылған.

6. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыруға рұқсат беру немесе қағаз тасығышта облыстық және аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының жолақ бөлігінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыруға паспорт (әрі қарай - паспорт) беру немесе қағаз тасығышта мемлекеттік қызметті

ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап беру болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және занды тұлғаларға көрсетіледі (әрі қарай – мемлекеттік қызметті алушы).

8. Мемлекеттік қызметті көрсетудің мерзімдері:

Жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімдеріне жүгінген кезде:

1) өтініш берген сэттен бастап – бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметті алушыға облыстық және аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы, сондай-ақ елді мекендердегі автомобиль жолдарының жолақ бөлігіндегі сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыруға рұқсат немесе паспорт беріледі немесе жазбаша дәлелді бас тарту беріледі;

2) осы регламенттің 12-тармағында көрсетілген, қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезекте тұрудың рұқсат етілген ең ұзақ уақыты 20 минуттан аспайды;

3) паспортты алу кезінде кезекте тұрудың рұқсат етілген ең ұзақ уақыты 20 минуттан аспайды;

мына:

1) Халықта қызмет көрсету орталығының аудандық бөліміне жүгінген кезде: паспортты немесе рұқсат беру бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады (құжаттар жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелеріне жеткізілетін 2 күн және халықта қызмет көрсету орталығында орындалған құжаттар жеткізілетін 2 күн мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді);

2) Халықта қызмет көрсету орталығының облыстық бөліміне жүгінген кезде: паспортты немесе рұқсат беру бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады (құжаттарды қабылдау күні және беру күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді);

3) осы регламенттің 12-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезекте тұрудың рұқсат етілген ең ұзақ уақыты 20 минуттан аспайды;

4) паспортты алу кезінде кезекте құтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты 20 минуттан аспайды;

9. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет:

1) жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелеріне жүгінген кезде:

жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелерінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес тұскі асқа үзіліспен, демалыс және мейрам күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбіден жұма аралығында көрсетіледі.

Қабылдау кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

2) Халықта қызмет көрсету орталығына жүгінген кезде:

Халықта қызмет көрсету орталығының белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес,

түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін, демалыс және мейрам күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбіден сенбі аралығында көрсетіледі.

Қабылдау "электронды" кезек тәртібімен, алдын-ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік қызмет қажетті құжаттардың тізбесі және оларды толтыру үлгілері, нормативтік құқықтық актілердің деректері (көшірмелері) бар стенділермен жабдықталған, дene мүмкіндіктері шектеулі адамдарға жағдай жасалған, күту мен құжаттарды толтыруға арналған орындары бар жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелерінің ғимараттарында осы регламенттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайы бойынша көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет дene мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған пандуспен жабдықталған күту залында мемлекеттік қызметті алушының түрғылықты жері бойынша халықта қызмет көрсету орталығының ғимаратында көрсетіледі. Залда анықтама бюросы, күту креслолары, толтырылған бланк үлгілері бар ақпараттық стенділер орналасқан.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін облыстық және аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы, сондай-ақ елді мекендердегі автомобиль жолдарының жолақ бөлігінде сыртқы (көрнекі) жарнама орналастыруға мемлекеттік қызметті алушы мынадай құжаттарды:

- 1) мыналарды көрсете отырып, еркін нысандағы жазбаша өтінішті:
жеке тұлғалар үшін - өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты, пошта мекенжайы (телефоны, факсы – болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірін;
занды тұлғалар үшін – ұйымның атауы, занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер, басшының тегі, аты, әкесінің аты, пошта мекенжайы (телефоны, факсы – болған жағдайда), бизнес-сәйкестендіру нөмірін;
сыртқы (көрнекі) жарнама объектісінің мақсаты мен негізгі параметрлерін;
өтініш берушінің сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін орналастыру орнын негіздеу арқылы оның болжамды орналасқан жерінің мекенжайын;

2) сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін орналастыру ұсынылатын жер участкесіне немесе объектісіне құқық белгілейтін құжаттың немесе кондоминиум объектілерін басқару органдары немесе өтініш берушінің өзге де заттық құқықтарға ие адамдардың сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін орналастыруы ұсынылатын объектісінің меншік иесімен (меншік иелерімен) бекітілген сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін орналастыру туралы шарттың нотариалдық куәландағылған көшірмесін;

3) сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін орналастыру ұсынылатын объектінің

сыртқы (көрнекі) жарнама объектісінің күндізгі және тұнгі бейнеленуін құрайтын эскиз, сыртқы (көрнекі) жарнама объектісінің жұмыс етуін инженерлік қамтамасыз ету бойынша шешімдерін ұсынады.

13. Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелеріне немесе халыққа қызмет көрсету орталығына еркін нысанда ұсынылады.

14. Осы регламенттің 12-тармағында көрсетілген құжаттар осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне беріледі.

Халыққа қызмет көрсету орталығында құжаттарды қабылдауды қызметкерлер "кедергісіз қызмет көрсету" арқылы жүзеге асырады.

15. Осы регламенттің 12-тармағында көрсетілген құжаттарды тапсырған кезде жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелеріне немесе халыққа қызмет көрсету орталығында мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі, онда:

- 1) сұрау салудың номірі және қабылданған күні;
- 2) сұрау салынған мемлекеттік қызмет түрі;
- 3) қоса берілген құжаттардың саны және атаулары;
- 4) құжаттарды беру күні (уақыты) және орны;
- 5) құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелерінің лауазымды адамының немесе халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкерінің тегі, аты және әкесінің аты көрсетіледі.

16. Мемлекеттік қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін беру жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелерінде және халыққа қызмет көрсету орталығында қолхат негізінде, онда көрсетілген мерзімде, өзі келген кезде және жеке басын қуәланышыратын құжатты немесе сенімхатты ұсынған кезде жүзеге асырылады.

17. Осы регламенттің 11-тармағында көрсетілген құжаттардың автомобиль жолдары саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарда бекітілген талаптарға сәйкес болмауы мемлекеттік қызметті ұсыну кезінде бас тартудың негіздемесі болып табылады.

3. Жұмыс қағидаттары

18. Жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелері және халыққа қызмет көрсету орталығының мемлекеттік қызметті алушыларға қатысты қызметі сыпайылық, толық ақпарат ұсыну, оның сақталуын, қорғалуын

және құпиялыштың қамтамасыз ету қағидаттарына және адамның конституциялық құқықтарының, қызметтік борышын атқару кезінде заңдылықты сақтау.

4. Шағымдану тәртібі

19. Жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелерінің лауазымды адамының немесе халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіру және шағымды дайындауда жәрдем көрсету үшін мемлекеттік қызметті алушы осы регламенттің 1 және 2-қосымшаларында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелерінің немесе халыққа қызмет көрсету орталығының басшылығына жүгіне алады.

Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты "электрондық үкімет" call-орталығының ақпараттық - анықтама қызметінің 1414 телефоны арқылы алуға болады.

20. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

21. Мемлекеттік қызметті алушыға оның шағымын шағымды қабылдаған адамның қабылдағанын растайтын нөмірі, күні, шағымды қабылдаған адамның тегі, аты-жөні, байланыс деректері, сондай-ақ жауап алатын мерзімі және орны, шағымды қарау барысы туралы сұрап білуге болатын лауазымды адамның байланыс деректері көрсетілген талон беріледі.

"Облыстық және аудандық маңызы бар
жалпы
пайдаланымдағы, сондай-ақ елді
мекендердегі
автомобиль жолдарының жолақ бөлігінде
сыртқы
(корнекі) жарнама орналастыруға рұқсат
беру"
мемлекеттік қызмет регламентіне 1
қосымша

Жамбыл облысының облыстық, аудандық және қалалық атқарушы органдарының тізімі

№	Бөлімшелердің атауы	Толық заңды мекен-жайы	Байланыс телефоны, электрондық поштаның адресі
1	2	3	4

Мерке ауылсы, 8(72632) 2-17-40, 2-

1.	"Мерке ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Исмаилов көшесі, 210, 1 қабат	19-00 politika2012@mail.ru
2.	"Талас ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Каратай қаласы, Достық аланы, 1. кабинет 120	8(72644) 6-22-05 gkht@mail.ru
3.	"Шу ауданының сәулет, абаттандыру және құрылыш" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Толе би ауылы, Толе би көшесі, 274. 1 қабат	8(72643) 3-19-81 Shyi-apparat@mail.ru
4.	"Мойынқұм ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Мойынқұм ауылы, Амангелді көшесі, 1 4 7 . 2 қабат, 33, 31 кабинеттер	8(72642) 2-46-26, 2-4 2 - 9 8 Dusekeeva-7@mail.ru
5.	"Тараз қаласының ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тараз қаласы, Толе би көшесі, 48. 1 қабат	8(7262) 45-30-75, 53 - 5 4 - 0 6 Ovp_taraz@mail.ru
6.	"Жуалы ауданының сәулет, абаттандыру және құрылыш бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Бауржан Момышулы ауылы , Жамбыл көшесі, 12. 1 қабат, 30, 31, 32 кабинеттер	8(72635) 2-00-30, 2-0 3 - 4 0 Stroiotdel_shuali@mail.ru
7.	"Кордай ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Кордай ауылы, Толе би көшесі, 102. 4 қабат	8(72636) 2-11-09, 2-1 1 - 1 7 Ovp-kordai@mail.ru
8.	"Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі, 75.2 қабат, кабинет 209	8(72631) 2-12-66, 2-2 5 - 1 3 , Ovp_kulan@mail.ru
9.	"Сарысу ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Жанатас қаласы, Бейбітшілік көшесі, 1, 1 қабат	8(72634) 6-25-26, 6-2 3 - 6 5 ovp_sarysu@mail.ru
10.	"Жамбыл ауданының сәулет, абаттандыру және құрылыш бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Аса ауылы, Абай көшесі, 123. 3 қабат, кабинет 318	8(72633) 2-22-91, 2-1 3 - 3 5 oagir@mail.ru
11.	"Байзак ауданының сәулет, абаттандыру және құрылыш бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Сарыкемер ауылы, Байзак батыр көшесі , 107, 1 қабат	8(72637) 2-28-58, 2-3 2 - 2 7 mahmudov1989@mail.ru
12.	"Жамбыл облысы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тараз қаласы, Толе би көшесі, 35а, 1 қабат	8(7262) 43-33-33, 43 -69-51, depdoroga@mail.ru
13.	"Байзак ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Сарыкемер ауылы, Байзак батыр көшесі , 1 0 7 1 қабат	8(72637) 2-10-47, 2-2 9 - 7 2 Baizak_jkx@mail.ru
14.	"Жамбыл ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Аса ауылы, Абай көшесі, 123. кабинет 119	8(72633) 2-12-17, 2-1 6 - 3 5 sarshaevbatyr@rambler.ru
15.	"Жуалы ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль	Бауыржан Момышулы ауылы,	8(72635) 2-03-96, 5-

	жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Жамбыл көшесі, 12 1 қабат	2 1 - 5 0 zhako_1991@mail.ru
16	"Кордай ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Кордай ауылы, 8(72636) Төле би көшесі, 61. 1 қабат	2-11-19 Nurzhanov-maksat@mail.ru
17	"Мерке ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Мерке ауылы, Исмайлов көшесі, 1 6 9 . 1 қабат	8(72632) 2-25-62, 2- 2 7 - 8 0 zhkh_merke@mail.ru
18	"Мойынқұм ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Мойынқұм ауылы, Амангелді көшесі, 1 4 7 . 1 қабат	8(72642) 2-13-44 zhkh_m@bk.ru
19	"Т.Рыскұлов ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі, 7 5 . 2 0 7 , 2 1 1 кабинеттер	8(72631) 2-18-37, 2- 2 3 - 9 4 yegjan_007@mail.ru
20	"Талас ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Қаратая қаласы, Достық аланы, 1. кабинет 120	8(72644) 6-22-05 GKHT@mail.ru
21	"Шу ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шу қаласы, Қонаев көшесі, 23. 2 қабат	8(72643) 2-36-52, 2- 3 7 - 5 7 zhkh-2011@mail.ru
22	"Сарысу ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Жаңатас қаласы, 2 5 . 1 қабат	1/8(72634) 6-32-55 Dauletbek.54@mail.ru
23	"Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тараз қаласы, Астана" ықшамауданы, 31 үй . 1 қабат	8(7262) 34-13-94, 34- 96-88, askar_080@mail.ru

"Облыстық және аудандық
 маңызы бар жалпы
 пайдаланымдағы, сондай-ақ елді
 мекендердегі автомобиль
 жолдарының жолақ бөлігінде
 сыртқы (көрнекі) жарнама
 орналастыруға рұқсат беру"
 мемлекеттік қызмет регламентіне
 2 қосымша

Жамбыл облысы бойынша халықта қызмет көрсету орталықтарының тізімі

№	Халықта қызмет көрсету орталығының атауы (филиалдары, бөлімдері, бөлімшелері)	Мекен-жайы	Байланыс мәліметтері
1	"Жамбыл облысы бойынша Халықта қызмет көрсету орталығы" Республикалық Мемлекеттік кәсіпорын филиалы	Тараз қаласы, Абай даңғылы, 232	8 (7262) 56-90-01 8 (7262) 46-00-28
2	Тараз қалалық бөлімі	Тараз қаласы, Қ.Қойгелді көшесі, 158 "а"	8 (7262) 43-84-21

3	№ 1 бөлім	Тараз қаласы, Сәтпаев көшесі, 1 "б"	8 (7262) 56-90-27
4	№ 2 бөлім	Тараз қаласы, Талас ықшамауданы, 2	8 (72622) 6-17-78
5	№ 3 бөлім	Тараз қаласы, Абай даңғылы, 232	8 (7262) 56-90-04
6	Байзақ аудандық бөлімі	Сарыкемер ауылы, Медеуов көшесі, 33	8 (72637) 2-28-04
7	Жамбыл аудандық бөлімі	Аса ауылы, Абай көшесі, 127	8 (72633) 2-11-99
8	Жуалы аудандық бөлімі	Б.Момышұлы ауылы, Сауранбекулы көшесі, 49	8 (72635) 5-02-46
9	Қордай аудандық бөлімі	Қордай ауылы, Домалакана көшесі, 215	8 (72636) 2-13-52
10	Мерке аудандық бөлімі	Мерке ауылы, Исмаилов көшесі, 232	8 (72632) 4-42-54
11	Мойынқұм аудандық бөлімі	Мойынқұм ауылы, Рысқұлбеков көшесі, 215	8 (72642) 2-47-93
12	Сарысу аудандық бөлімі	Жаңатас қаласы, Жібек жолы көшесі, 1	8 (72634) 6-33-00
13	Талас аудандық бөлімі	Қаратау қаласы, Молдағұлова көшесі, 51	8 (72644) 6-33-93
14	Т.Рысқұлов аудандық бөлімі	Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі, 71	8 (72631) 2-18-10
15	Шу аудандық бөлімі	Шу қаласы, Автобаза көшесі, 1	8 (72643) 2-17-97
16	Гродеково ауылдық бөлімі	Гродеково ауылы, Мир көшесі, 88	8 (72633) 3-16-76 8 (7262) 51-23-24

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК